


*САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ОЙ-ПІКІРЛЕР ТАРИХЫНЫҢ  
ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ*



**ЛАО - ЦЗЫ**

**ДАО**

**ДЭ**

**ЦЗИН**



*Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары*

---

ЛАО-ЦЗЫ

# ДАО ДЭ ЦЗИН

*Кіріспе мақала мен ескертулерді жазған  
заң ғылымдарының докторы, профессор  
С.Ф. Ударцев*

АЛМАТЫ  
“ЖЕТИ ЖАРҒЫ”  
2003

ББК 67.3я73  
Л 19



**SPI**

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция  
өнеркәсібіне жәрдемдесу жөніндегі  
Ассоциацияның  
Алтын медалімен наградталды

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр*

Кітап LES AZIMUT ENERGY SERVICES колдауымен жарық көрді. Басылым таралымының едәуір бөлігі Қазақстанның жоғары оқу орындарына және кітапханаларына, сондай-ақ Қазақстанның студенттері оқитын шетелдің жоғары оқу орындары мен кітапханаларына тегін беріледі.

The book was published with an assistance of LES AZIMUT ENERGY SERVICES. The most of Edition must be distributed among the higher education institutions, libraries and for Kazakhstanish students studying at Foreign in stitution on free charge.

### **Лао-цзы**

Л 19 *Дао дэ цзин/* Қытай тілінен аударған Ян Хин-шун; Кіріспе мақала мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. – Алматы: “Жеті жарғы”, 2003. – 104 бет: суретті. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы.)  
ISBN 9965-11-113-8

Кітапта Ежелгі Шығыстағы алғашқы философтардың бірі Лао-цзының (б.з.д. VI-V ғғ.) идеялары баяндалған ежелгі философиялық және саяси-құқықтық шығарма берілген. “Дао дэ цзин” құқықтық ой-пікірлер тарихындағы жаратылыстану-құқықтық идеялардың ежелгі бастауларына жатады.

Еңбек заң, философия, тарих және басқа гуманитарлық факультеттердің студенттеріне, саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихы мәселелеріне ынта қоятын жұртшылыққа арналған.

Л  $\frac{1202000000 - 034}{419(05) - 2003}$  хабарланбаған – 2003

ББК 67.3я73

© Ударцев С.Ф., кіріспе мақала,  
ескертулер, 2003

© Аударған С. Әжібаев, 2003

© “Жеті жарғы” ЖШС, 2003

ISBN 9965-11-113-8





Адам жер [заңдарына] багынады. Жер аспан [заңдарына] багынады. Аспан **дао** [заңдарына] багынады, ал **дао** өзіне-өзі багынады.

Лао-цзы

---

---

## ЛАО-ЦЗЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

### Өмір және аңыздар

Ежелгі Қытайдың саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихында даосизмнің (б.з. д. VI-V ғғ.) аты жартылай аңызға айналған негізін қалаушы Лао-цзы ілімі айрықша орын алады<sup>1</sup>.

Философ Қытайдың бірігуінен бірнеше ғасыр бұрын, көптеген ежелгі Қытай мемлекеттері сақталып тұрған кезеңде өмір сүрген. Ол Чжоу патшалығы мұрағатының (кітапханасының) басты сақтаушысы болған. Мемлекеттің құлдырағанын көріп, оның айналасындағы адамдардан көңілі қалған ол отставкаға шығып, дала сиыры – күдірге мінеді де, Батысқа бет алады<sup>2</sup>. Қытайды мәңгілік тастап кетер алдында, шекара заставасы бастығының тілегі бойынша, ол өз ілімін қысқаша әрі түсінікті тілмен баяндайды (немесе, өтіп бара жатып, оған<sup>3</sup> өз ілімінің негізгі идеяларын қамтитын екі бөліктен және бес мың иероглифтен тұратын еңбегін қалдырады).

Бір болжам бойынша, Лао-цзының өз шығармасы болып табылатын, келесі болжамға сәйкес – философтың ізбасарлары кейінірек, бәлкім, б.з. д. III ғ. құрастырған “*Дао дэ цзин*” ғақлиясының (“Жол және оның көріністері туралы кітап”, немесе “Жол және артық бір қасиет туралы кітап”, немесе “Дао мен дэ туралы канондық кітап”) идеялары Лао-

цзыға төн деп есептеледі<sup>4</sup>. Қытайдың алғашқы философы ретінде Лао-цзы мифологияда қытайлардың ата-бабасы Хуандиге жақындайды. “Дао дә цзиннің” “Хуанди кітабы” деп аталуы кездейсоқ болмаса керек. Кейін оны автордың есімімен “Лао цзы” деп, одан соң – қазіргі атауымен атайды. Кейбір өзгерістерге ұшыраған деген жорамалдарға қарамастан, “Дао дә цзиннің” мәтіні түпнұсқа деп танылады. “Қосымша жазулар мен құрастырулар енгізілген көп ғасырлар ішінде, – деп атап көрсетеді А.Е. Лукьянов, – оның пішіні өзгеріп, мәтінінің бағыттары біршама шатасқан болуы мүмкін. Сонда да... оның негізі сақталып, осы мәтіні даос көнелігінің шынайы ескерткіші ретінде сенім туғызатын болар деп үміттенеміз (осы ескерткішті қалпына келтіру жөніндегі қытай ғалымдарының ұлы еңбегін мойындау керек)”<sup>5</sup>.

Даосизм ілімінің негізін қалаушы Лао-цзы екінші ғасырда құдай ретінде танылады, даостар оны “бейне”, немесе “дене”, *дао* ретінде қарастырады.

Аңызға сенсек, Үндістанда буддизмнің пайда болуының негізін сонда қоныс аударған Лао-цзы уағыздары қалаған. Аңыздардың бірі қытай ақылгөйін Сиддхартхи Гаутаманың (Будданың) іс жүзіндегі әкесі ретінде тани отырып, Лао-цзы мен Будданы туыстық шежіре жағынан байланыстырады<sup>6</sup>.

Лао-цзы Конфуцийдің жасы үлкен замандасы болды. Лао-цзымен алғашқы кездесуінен кейін Конфуций, аңыз бойынша, үш күн сөйлемей қойған. Одан осы кездесу жөнінде әлде нені білгісі келген шәкірттерінің сұрақтарына жауап бермеген. Конфуций өзінің сұхбаттасына таң қалған. Ол сөйлей

бастағанда, оқушылар: “Сіз Лао-цзыға қандай қарсылық білдірдіңіз?” деп сұрайды. Бұл сұраққа Конфуций: Лао-цзыны кездестіргенде біресе көзге көрінбей, тұманға айналатын, біресе бұлттардың үстінде қалықтап, инь және ян аспан сәулелерімен тыныстайтын айдаһарды көргендей болдым деп жауап берген. Бұдан әрі Конфуций: “Мен әлде бір қарсылық білдірмек түгілі, оның алдында аузымды аша алмадым”<sup>7</sup> деген. Конфуций, бәлкім, өзінің шәкірттеріне Лао-цзы талқыланатын проблемалар жөнінде адам ойлауының барлық деңгейінде керемет ойланып, толғана алатынын бейнелі түрде жеткізген болар: Әлем, қоғам құбылыстарын және оның тарихын жинақтайтын барынша абстрактілі деңгейде, санаттар мен шегіне жеткен абстракциялардың ойдан шығарылған деңгейінде, сондай-ақ жаппай үйреншікті сананың практикасы мен тәжірибесінің мысалдарын пайдаланатын қолданбалы деңгейде ғажап ойлана алған.

### *Дао ұғымы және деңгейлері. Дао және әділдік*

Лао-цзы әр түрлі формалардың қозғалысы, мәңгілік өзгеруі, тұрақты дамуы барша құбылыстың негізі болып табылады деп ойлады. Оның көзқарастарына ерекше стихиялық диалектика тән. Адамның әлемдегі рөлін алдын ала белгілейтін Әлемнің ішкі себептермен дамуы, өзін-өзі ұйымдастыруы, шексіз алуан түрлілігі, Лао-цзының ойынша, дүние эволюциясының адам аңғаруға тиісті маңызды бастаулары, басты мән-мағыналары болып табылады.

Көп қырлы *дао* (даму жолы, өмір, қозғалыс, қалыптасу, эволюция) ұғымы Лао-цзы іліміндегі ең іргелі ұғым болып саналады, ол кейін тұтас алғанда дәстүрлі қытай философиясында айтарлықтай маңызға ие болған. *Дао* және *даосизм* проблемалары әділетті түрде “дүниежүзілік синология үшін барынша күрделі проблемаларға”<sup>8</sup> жатады. Ежелгі қытай әдебиетінде “дао” философиялық санаты шамамен жаңа заманның бірінші мыңжылдығының ортасында пайда болған деп есептеледі. Бәлкім, оның пайда болуы белгілі бір дәрежеде тұрмыстың бастапқы негізін, атап айтқанда, Аспанның қоғам мен адам өміріндегі маңызын ой елегінен өткізу, Аспанды құдай деп тану, өулеттің немесе өміршінің “тянь мині” (“күдіретті басқару мандаты”), сондай-ақ “тынь-цзы” (“Аспан ұлы”, Аспанасты өміршісі)<sup>9</sup> секілді ұғымдарды қалыптастыру арқылы дайындалған болар.

Еуропалықтар қытай философиясын түрліше талдап түсіндіруде *даоны* Жоғары парасатпен, Жоғары Ағзамен, Табиғатпен, Тәңірмен, Әлем осімен, Абсолютпен, Ақиқатпен, Қажеттілікпен, Логоспен, бүкіл болмыстың басталуымен және аяқталуымен, Жолмен және т.с. ұқсастырды. Сірә, бұл көп қырлы тұжырымдама-санатты оның кейбір маңызды қырларына назар аудару арқылы ашып көрсету қиын болар. Бұл – Әлемнің бастапқы негіздері мен негізгі заңдарына, өуел бастан жоғары субстанцияға жататын кешенді тұжырымдама-санат.

Лао-цзы ілімінің негізгі мағынасы – адамды және тұтас алғанда адамзатты ғарыштың табиғи



ырғақтары мен заңдарына терең бойлауға, оларды түсінуге, оларға қосылуға, бағынуға бағдарлау. Лао-цзы нақты мысалдар мен жалпы ережелер арқылы ғарыш эволюциясының ішкі үрдістерін ашуға және адамдардың өздерінің ғарышпен болмай қалмайтын, тежеусіз және ең ақырында алдын ала болжайтын байланысының қажеттігін көрсетуге тырысады. Шын мәнінде, Лао-цзы мен даосизм адамзат тарихын және жеке адамның өмірін ғарыш құбылыстары ретінде сатылы стихиялық өзін-өзі кемелдендіру, өзін-өзі тану және жүзеге асыру ретінде ұғынуға үйретеді. Әдебиеттерде ғарыш ілімі – космизм – даосизм көзқарасының ядросы<sup>10</sup> деп әділ атап көрсетілді. Сірә, Конфуцийдің ежелгі қытай ғақлиясы “чжуан-цзыда” өзі “адамдар арасында ел кезіп жүргенде”, даолар “адамдар өлемінен тыс жиһан кезуде” деген пікірлері де осындай мағынаға ие болса керек<sup>11</sup>.

Даосизмдегі *дао* – шетсіз, шексіз ғарыштың өздігінен стихиялы дамуының және өздігінен қозғалуының жоғары заңы, өзінше генетикалық коды, табиғат, қоғам, адам және адамдардың сана-сезімі осыған бағынған және осылардың ағынымен бірге жылжып, осылармен бірге өрнектелген.

Лао-цзының ойынша, *даоның* бірнеше деңгейі, қыры, жағы бар. Адам даосы ғарыш даосынан, табиғи даодан, табиғи даму мен заңнан сәл өзгеше болуы мүмкін. “Аспан *даосы*, – деп айтылған “Дао дә цзинде”, – садақтың тартылуын еске салады. Оның жоғарғы бөлігі төмендегенде, төменгі бөлігі көтеріледі. Ол бар артық нәрсені өзіне алады да, оны



мұқтаждарға береді. Аспан *даосы* артық нәрселерді байлардан алып, оларды кедейлерге береді. Адам *даосы* болса, бұған керісінше әрекет етеді. Ол кедейлерден алып, оларды байларға береді. Барлық артық нәрсесін басқаға кім беруші еді? Мұны *даога* мойынсұнғандар ғана істей алады”<sup>12</sup>.

Лао-цзының пікірінше, дүниеде әр түрлі деңгейдегі әділдік үйлесімі орнығады, оның ғарыштық (ғаламдық табиғи) және адамдық деңгейі болады, сондай-ақ ол түрлі нысандарда әрекет етеді. Әділдікте түрлі мүдделерді – кедейлер мен байлардың мүдделерін, баршаның және әркімнің мүддесін теңестіріп отыратын түрлі үрдістер әрекет етеді. Табиғи және адамдар принципі, жалпы және жеке принциптер бірін-бірі толықтыра отырып, қоғамдық және жеке байлықтың түрліше бөлінуіне және қайта бөлінуіне себепші болады. Адамдар әділдігінің әрекеті нәтижесінде байлық әлсіздер мен кедейлерден алынып, күштілер мен байларға беріледі. Байлықты кедейлер мен әлсіздерге беретін табиғи, аспан әділдігі өзгеше әрекет етеді. Ол адамдар әділдігін ұдайы түзетіп отырады, әлде бір кезеңде немесе әлде бір ұрпақта бұзылған мәңгілік әділдікті қалпына келтіреді және байлықты қайта бөледі. Барлық игіліктерді – материалдық құндылықтарды, сый-құрметті, қоғамдағы орынды және т.с.с. әділ бөлуді кең мағынада алғанда әділдік деп түсінеді. Мұның бәрін Әлемнің ретсіздіктен (хаос) туындайтын үйлесімінің өздігінен ашылатын, өзін-өзі айқындайтын мәні ретінде аңғарылатын күдіретті, ғарыштық *дао* алдын ала болжайды<sup>13</sup>.

## Құықты түсіну Зандарды барынша азайту

Қытайдың құқық философиясында мифологиямен байланысы бар ежелгі ұғымдардың қатарына жататын “хунь дунь” – *ретсіздік ұғымы* пайдаланылады. Даосизмде ретсіздік әлде бір болып өткен нәрсе, даоның бастапқы негізі ретінде, ал *дао* – ретсіздіктің салдары, туындысы ретінде қарастырылады.

Даосизмге сәйкес, қоғам дүниенің өзге де бөліктері секілді, адамның өмірі мен қызметі секілді, *даоға* сай келуі де, сай келмеуі де мүмкін. *Даоға* сай келмейтін қоғам жетілмеген қоғам деп танылады. *Даоға* толық сай келу мінсіз қоғамда ғана мүмкін болады.

Лао-цзының ойынша, адам – өзі арқылы, өзінің құндылықтары арқылы ғарышты, оның құндылықтарын тамамдамайтын ғарыштық тіршілік иелерінің бірі. Ғарыш (аспан), аспан *даосы* – өзінің мағынасы жөнінен адамға және адам туындыларына ғана бағынған әлде бір биік, іргелі және бәрін қамтитын нәрсе. “Дао дә цзиннің” 5-параграфындағы мынадай ойды, сірә, осы мағынада түсіндіру керек болар. “Аспан мен жер адамды ұнату үшін жаратылмаған және олар барлық жандыға өзінше тіршілік ету мүмкіндігін береді”<sup>14</sup>. Аспан мен Жер барлық нәрсеге бейтарап және барлық жандыға арналған. Осы тұрғыдан алғанда, Лао-цзының ойынша, *дао* – адамға ғана қатысты құбылыс емес, ол сондай-ақ тұрмысты және барлық құбылыстар мен барлық жандының құқығын айқындайтын құбылыс. Ал одан туындайтын табиғи құқық – барлық жанды-

лар құқығының бастамасы. Сірә, Лао-цзы бұл тұрғыда кемеңгер өмірші туралы, оның даоны игергенімен, адамзатты ұната алмайтыны жөнінде айтқан болар. Бәлкім, бұл ойды “адамзатты ұнатуымен ғана емес” деп түсіндіру керек болар, өйткені ол үшін басқаларға көрінбейтін кейбір құпиялар, өлем мағыналары ашылады, осыған орай оның дүниеге және адамға қатынасы да сан қырлы болады.

Қытай философының іліміне сәйкес, өлемде адамдардың мінез-құлқын, қоғамды және тұтас алғанда ғарышты басқаратын заңдар деңгейінің иерархиясына сай келетін табиғи иерархия болады. Лао-цзының ойынша, “адам жер [заңдарына] бағынады. Жер аспан [заңдарына] бағынады. Аспан дао [заңдарына] бағынады, ал дао өзіне-өзі бағынады”<sup>15</sup>. Дао, бұған қоса, жоғары табиғи заңдылық, табиғи қажеттілік ретінде ұғынылады, өзіне-өзі жеткілікті деп танылады.

Лао-цзы қоғамның өздігінен еркін даму мұраттарын қорғады, құқық та осыған қызмет етуі тиіс деп ойлады. Құқық ең алдымен бостандықты орнықтыруы, даоны және Әлем эволюциясының осы табиғи жолмен жүретін қозғалысын танып білуге септігін тигізетін нәрселердің бәрін шешуі және қорғауы тиіс. Құқық тыйым сала алады, онда да рұқсат, бостандық беруді осылардың негізінде орнықтыру үшін тыйым сала алады.

“Ең алдымен тыйым салуға ұмтылу, – деп айтылады “Дао дә цзинде”, – рұқсат етуде орнығуы тиіс”<sup>16</sup>. Басқаша айтқанда, тыйым салушы адам ең алдымен барлық қажетті нәрсені шеше білуі тиіс, бостандықты қамтамасыз етуі тиіс. Тыйым салу

әрекетінің өзінде басқа адамдардың бостандығын, белгілі бір құндылықтарды немесе қатынастарын қорғау мағынасы жатуы тиіс. Тыйым салу аясы тар мақсат, өйтеуір тыйым салу болмастан, бостандыққа төнетін және төнуі мүмкін қастандықтан азат ету және қорғау құралы болуға тиіс. Лао-цзы бостандыққа мәжбүр етуге, бостандықты басқаларға нұқсан келтіретін жүгенсіздік және озбырлық ретінде түсіндіруге де қарсы болды деп ойлау керек. Ол үшін бостандықтың құндылығы – оның даомен үйлесімділігінде, оның жалпы табиғи мүдделермен, құндылықтармен, заңдармен қайшылыққа келмеуінде.

Зерттеушілер Лао-цзының тұжырымдамасын тікелей немесе тура әрекет ететін табиғи құқықтың зайырлы теориясы деп атауы кездейсоқтық емес<sup>17</sup>. Едәуір жоғары деңгейдегі (ғарыштық, табиғи) заңдардың едәуір төмен деңгейдегі (жер, адам заңдары) заңдар арқылы жанама әрекет етуін Лао-цзы тым салыстырмалы түрде қарастырады. Табиғи заңдар, деп ойлайды ойшыл, осымен қатар тікелей адамның мінез-құлқын басқарады. Сондықтан, даоны ұстанатын адам осынау жоғары табиғи заң мен адамның еркін жалғастыратын аралық буынды қажет етпейді. Ол аралық буынға, атап айтқанда, өз заманындағы білім мен мәдениетті жатқызды. “Ертеде даоны ұстанған адамдар халықтың көзін ашқан жоқ, оны наданға айналдырды, – деп айтылады “Дао дә цзинде”. – Аса білімді халықты басқару қиын. Сондықтан елді білімнің көмегімен басқару – бақытсыздық, ал онсыз басқару – елді бақытқа жетелейді”<sup>18</sup>.



Лао-цзы адамдардың білімі олар бұған қаншама жақын келсе де, ақиқат даоға ұқсас идеяларға қарағанда әлдеқайда төмен өрі жетілмеген деп ойлаған болар. Эволюцияның (және табиғи құқықтың) табиғи жолын бұлайша түсіндіру, оның үстіне, мына жағдайға байланысты болса керек: Лао-цзы мұраты оның өзі сыни тұрғыдан қарайтын бүгінгіге емес, өткен мен болашаққа бағытталған, ал әдетте, қоғамның орнықсыз өрі білімі шамалы немесе күнделікті өмірде оларға жоғары деңгейдегі білімнің қажеттігі шамалы төменгі топтары ертеректегі даосизмнің өлеуметтік негізі болды.

Лао-цзының пікірінше, ертеде қоғам табиғи жолмен дамыған, бірақ мемлекеттің пайда болуына, оның нығаюына және көптеген заңдардың шығарылуына қарай адам үшін ақиқат болып табылатын жолдан ауытқу басталады. Адамның мақсаты – өз эволюциясының табиғи жолына қайта оралу. Лао-цзы заңдардың бұзылуына басты кінәлы ақылгөйлік деп есептеді. Ақылгөйліктен, талғамның түрленуінен, жасанды өлеуметтік ойлап табушылықтан қоғамда, жеке адамдардың өмірінде неше түрлі қанағатсыздық, оның ішінде жүректі тебіrentіп, қылмыс жасауға мәжбүр ететін әр түрлі өсем де құнды заттар пайда болады. Бостандықты қолдан шектеу де адамдардың қалыпты қарымқатынас жасауына кедергі келтіреді. Бұл табиғи даму жолынан ауытқуға әкеп соқтырады және қоғамды тұйыққа тірейді. Алайда, жасанды жалған білім ретіндегі ақылгөйсуді теріс көре отырып, Лао-цзы жалпы білімге және саяси-құқықтық құбылыстарды танып-білу қажеттігіне қарсы шық-

қан жоқ. Керісінше, ол *даоны* танып-білу қажеттігін насихаттады, сондай-ақ мысалы, өз еліңді және өзге елдерді<sup>19</sup> танып-білу үшін басқа елдерді зерттеп білу пайдалы деп есептеді. Мұнда ол жалпы заңдылықтарды тіпті олардың жеке көріністері арқылы ұғынудың құндылығы мен мүмкіндігін мойындаған секілді.

Біздің пікірімізше, Лао-цзы кейде әдебиетте мойындалмайтыны секілді, білім мен ғылымды жете бағаламауымен қатар, олардың салыстырмалылығын, құбылмалы және қозғалыстағы дүниенің шексіз алуан түрлілігін ұғыну үшін жеткіліксіздігін атап көрсеткен. Ол өзі сынға алған “Ақылгөйсу мен ғалымдықты” білімнің кемдігінің салдары<sup>20</sup>, өмірді күрделендіру талпынысы, оны қабылдау және оны түсіне алмайтын тұста түсіндіру деп есептеді. Қарапайым әрі әдеттегідей болуға тырысатын адам дүниені жақсы әрі терең біледі, оны әсіре ақылгөйсімей, ғалымсымақтанбай дәлірек түсіндіреді, өйткені бұлар өмірде нақты және табиғи (ақиқат) білімнің жоқтығын бүркемелеп қана тұрады.

Құқық пен заңның арақатынасы аясында Лао-цзы табиғи заңдардың басымдылығын және заңдардың салыстырмалы құндылығын мойындады, бұлар іс жүзінде оған замандас қолданылып жүрген құқықты (заңдарды) елемеуді немесе жете бағаламауды білдіреді. Егер Лао-цзы ілімін саяси сана үлгісімен сипаттайтын болсақ, онда Лао-цзы өзінің әйгілі ізбасары Чжуан-цзы секілді, сондай-ақ бірқатар жағдайларда әсіре индивидуалист ретінде немесе алғашқы анархист-индивидуалистердің бірі ретінде танылған Ян Чжу секілді басқа да кейбір



көне заман ойшылдарымен қатар анархиялық сана<sup>21</sup> түрінің, оның ежелгі (атам заманғы) түрлерінің алғашқы атақты өкілдерінің қатарына жатады. Олардан өзгеше, мысалы, Мо-цзы мен Шан Ян – саяси сананың этатистік түрінің өкілдері, оның үстіне, Шан Ян – саяси сананың ежелгі тоталитарлық түрінің жарқын өкілі.

Лао-цзы мемлекетке де, заңдарға да сын көзбен қарады, ол табиғи құқықты тікелей өздігінен басқару заңдарсыз-ақ тіршілік етуге мүмкіндік береді деп есептеді. Лао-цзының ойынша, ең бастысы, Аспан асты еліндегі заттар мен құбылыстардың табиғи ырғағы мен траекториясына ену, оралу (алайда бұл соншама оңай нәрсе емес және іс жүзінде кемеңгерлердің ғана қолынан келеді). Ал мемлекеттік заңдар белгілі дәрежеде даоны ұғынбағандар үшін қажет болғанымен, даоның табиғи генетикалық ырғағынан адастырады. Адамдардың өдістенуі, күші, құлшынысы, жасанды жобалары мен нормалары ғарыш пен адамның өздігінен дамуының стихиялық ақиқат жолынан бұрып әкетеді. Адамның ішкі дүниесінде табиғи құқыққа, ғарыш заңдарына сәйкес мінез-құлықты өздігінен реттеудің барлық қажетті өлшемдері, бағдарлары, компоненттері бар. Лао-цзы бойынша, заңдардың сыртқы, жазылған мәтіндері едәуір дәрежеде арнайы “ақылгөйсудің” нәтижелері ретінде адамға қолдан таңылады, бұлардың оған керегі жоқ, олар бұларсыз да күн көреді. Қытай халқының кейбір топтары үшін бұл идеялар жақын болды, олар мемлекет пен заңдарсыз да өмір сүруге болады деп есептеді, нақты саяси өмірден шеттетілді.



Инь и ян — әлемнің екі бастамасының,  
даоның екі құраушысының символы (нышаны)



Лао-цзы инь және ян нышанымен бірге.  
Қытайдың халық суреті. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы.  
Санкт-Петербург. Дін және атеизм тарихы мұражайы.  
Академик В. М. Алексеевтің коллекциясы.



Конфуций



Конфуций



Үш бағыт – үш Ұстаз  
Қытайда “үш бағыттың” айқасуы үш ілімнің – Будданың  
(сол жақта), Конфуцийдің (ортада) және Лао-цзының  
(оң жақта) негізін қалаушылардың  
бірге тұрған бейнесін білдіреді.






### Үш бағыт – үш Ұстаз

Қытайда “үш бағыттың” айқасуы үш ілімнің – Будданың (сол жақта), Конфуцийдің (ортада) және Лао-цзының (оң жақта) негізін қалаушылардың бірге тұрған бейнесін білдіреді.




Генри Дэвид Торо. 1856 ж.





Л. Н. Толстой. Ясная Поляна, 1906 ж.



Мохандас Карамчанд Ганди

Әлеуметтік қатынастар мен оларға сай келетін шаралардың үйлесімін және оларды реттеу үйлесімін, бостандық өлшемдерін бұзу теріс зардаптарға әкеп соқтырады. “...Елде тыйым салатын заңдар көбейсе, халық кедейлене түседі”. “Заңдар мен бұйрықтар көбейсе, ұры-қарылар мен қарақшылар да көбейеді”<sup>22</sup> – деп атап көрсетті ойшыл. Лао-цзы заңдарды (олардың негізгі бөліктерін) қоғамдық өмір факторларының қатарына жатқызбады, сондықтан, егер бұдан толығымен бас тартуға болмаса, онда қоғам өмірін заңдармен реттеуді барынша азайтуды жақтады. Лао-цзының белгілі бір құбылыстар мен заттарды орынды пайдалану шегін білу қажеттігі туралы жалпы пайымдаулары оның заңдардың рөлін түсінуіне және қоғамды заңдар арқылы реттеудің шегін танып-білуіне тікелей қатысты болса керек. Ол заңдардың жағымды мағынасын олардың көмегімен дао принциптерін таратудан, ұнамсыз мағынасын – заңдарды өзге мақсаттарда, кейде *даога* қарама-қарсы мақсаттарда пайдалануға ұмтылудан көрді.

Лао-цзы идеялары ежелгі қытай қоғамының мемлекеттілікті қалыптастыру, бір дәуірден келесі дәуірге өткенде рулық қатынастардың бұзылуы кезеңінде өзінің қоғамдағы орны бойынша кедей, күйзелген, езілген немесе өте орнықсыз әлеуметтік топтарының енжар қарсылық көрсетуін бейнеледі. Сонымен қатар, Лао-цзы жалпы адамзаттық құндылығы бар бірқатар адамгершілік идеяларды, ізгілік пен әділеттілік принциптерін уағыздады. Ол аспан *даосының* жұрттың бәріне бірдей қарайтынына және ол қашан да қайырымды адамдардың жағында екеніне сенімді болды<sup>23</sup>.

Аристократияның ұстанымдарын қорғауды және нығайтуды, әдет-ғұрыптар мен жоралғыларды тиісті құқықтық тәрбие үшін пайдалануды жақтаған конфуцийшілдерден өзгеше, Лао-цзы адамдардың теңдігін жақтаушы болды, ал жоралғыны құқықтық реттеудің шешуші құралы деп есептемеді. Лао-цзының ойынша, жоралғылар әділеттіліктен, адамды ұнатудан және табиғилықтан төмен тұр және осындай жоғары қасиеттер болмағанда ғана адамдар тәртіпті сақтау үшін жоралғыларға ден қояды. Ол – мінез-құлықтың сенімді, іштей өзін-өзі реттеуін қамтамасыз ететін, адамдардың ең алдымен жоғары адамгершілік қасиеттерді игеруін жақтаушы.

Лао-цзының пікірінше, қоғамдық құрылыстың негізінде зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеу жатпауы тиіс. Ізгі адамдар қашан да келісімге келуге ұмтылады деп айтты ол. Бостандық пен келісімге келу – аспан *даосы* ұсынатын қоғамның ажырамас табиғи негіздері. Алайда мемлекетті ұйымдастыруда, мемлекет пен оның шенеуніктерінің қызметінде көп нәрсе бұған үйлеспейді. Лао-цзы, атап айтқанда, биліктің салықты көп мөлшерде салып, жинауынан халықтың ашығып жүргені жөнінде жазады<sup>24</sup>. Мұнда ол салықтың өзіне емес, белгілі өлшемнің бұзылуына қарсы шыққандай еді.

### **Зорлық-зомбылық жасамау және әрекетсіздік идеялары**

Лао-цзы ілімінде зорлық-зомбылық жасамау және әрекетсіздік идеялары өзара тығыз байланысқан. Ол Ежелгі Қытайға зор нұқсан келтірген соғысты айыптаған. Оның ойынша, өзара қырқысқан

соғыстардағы жеңістер кейде болашақ жеңілістерге жалғасты, мемлекетаралық қатынастардың орнықсыздығын күшейтті, болашақтың бұлыңғырлығына, кек алуды күтуге қосымша элемент енгізді. Қоғамдық өмірді соғысқа бейімдеу халықтың, әсіресе оның аса кедей топтарының әл-ауқатына күйзелте өсер етті.

Зорлық-зомбылық жасамау және соғысты айыптау идеялары Лао-цзыда принциптік сипатта болды, нақты соғыстар мен зорлық-зомбылыққа ғана емес, белгілі дәрежеде соғыстарға және зорлық-зомбылық атаулыға қатысты болды. Ол соғыс пен зорлық-зомбылықтың баламасын даоға бас июден көрді, егер соғыс жүргізіліп жатқан болса, зорлық-зомбылық жасауды тоқтатуға шақырды.

*Тот, кто посредством Дао помогает главе людей,  
Не использует солдат, чтобы насиловать Поднебесную.  
Ибо такое действие имеет обратное [воздействие].  
Места, где побывали войска, зарастают колючками и  
терновником,  
После скопища армий непременно наступают лихие годы.  
Искусный [полководец] добился успеха — и все,  
[Он] не дерзнет прибегнуть к насилию.  
Добился успеха и не бахвалится,  
Добился успеха и не карает,  
Добился успеха и не своевольничает,  
Добился успеха и не взимает.  
Все это называется [так]:  
Добился успеха и не прибегает к насилию<sup>25\*</sup>.*

Лао-цзы жақсы әскер – бақытсыздық құралы<sup>26</sup> деп, армия мен флотты пайдаланбауды, сөйтіп өмірде соғыстар мен жанжалдардан арылуды ұсынды. “Егер [мемлекетте] әр түрлі қару-жарақтар бол-

\* Өлеңдер орысша түпнұсқада берілді.



са, оларды пайдаланбау керек, – деп үйретті философ. – ...Егер [мемлекетте] қайықтар мен соғыс арбалары болса, оларды пайдаланбау керек. Тіпті жауынгерлер бар болса, оларды әскер етіп қоймау керек”<sup>27</sup>. Лао-цзы ендігі бір жерде мемлекет қолында бар қоғамды<sup>28</sup> басқару құралдарын, аспаптарын (әдістерін) адамдарға көрсету үшін ұсынбауы тиіс дейді. Ол осы арқылы қоғамның сана-сезіміне қарулану рухын, соғыс пен зорлық-зомбылық байбаламын орнықтырудың келеңсіз әсерінен сақтандырмақ болған шығар. Адамдардың бейбіт жағдайда тыныш әрі ұзақ өмір сүруін қалады.

Лао-цзы қорғану соғыстарына қарсы болмады, бірақ оларды да үлкен бақытсыздық деп есептеді, өйткені оларда қашанда адамдар өлімі кездеседі. “Жеңіспен данқынды шығару – бұл адамдарды өлтіруге қуану деген сөз. Адамдарды өлтіруге қуанатын адам елден тілектестік таба алмайды. Жақсы жағдай құрметтеумен жасалады, ал бақытсыздық зорлық-зомбылықтан шығады...

Егер көптеген адамның өмірі қиылатын болса, онда бұл жөнінде аза тұту керек. Жеңісті жерлеу рәсімімен атап өту керек”<sup>29</sup>.

Лао-цзының тұжырымдауынша, бейбітшілік пен татулық жолында соғыстар мен жанжалдарға жол бермеу керек. Оның үстіне, ол оқиғаның өршуін олардың бастапқы сатыларында-ақ түзете отырып, мүмкіндігінше келеңсіз құбылыстардың етек алуына тосқауыл қоюға кеңес берді. “Тыныш нәрсені сақтау оңай. Өрекеті жоқ нәрсені бағыттау оңай. Әлсіз нәрсені бөлу оңай. Ұсақ нәрсені шешу оңай. Өрекетті әлі жоқ нәрседен бастау керек. Тәртіп орнатуды бүлік шықпай тұрғанда бастау керек”<sup>30</sup>.



Лао-цзы дүниенің түсініксіздігі мен ретсіздігін атап көрсетті, бұл оның негізгі қасиеттерінің бірі<sup>31</sup>. Ол саяси өмірдің құбылмалылығына, серпінділігіне, қарама-қайшылықтылығына көңіл аударды. Қоғамдық эволюцияның барысында “қалыпты нәрсе өзгеріске ұшырап, басқа түрге көшеді”<sup>32</sup>. Лао-цзы қалыпты өмірді өмірдің табиғи реттелуімен, оның ішінде мемлекеттегі өмірдің реттелуімен байланыстырды, ал өзгеріске ұшыраған түрін – қару-жарак қолдану қажеттігімен байланыстырды. Бар нәрсенің өз өлшемі болады, олар өзінің қажетті шегінен шықпауы тиіс. Лао-цзы бойынша, “үлкен мемлекет дегеніміз – бұл бөсеңдейтін ағын”<sup>33</sup>.

### Патша және *дао*

Лао-цзы ілімін баяндайтын “Дао дә цзин” кітабының негізгі идеясы мынада: көзге көрінбегенімен, объективті өмір сүретін *дао* заңы, жолы сайып келгенде күллі нәрсені, оның ішінде өміршілер мен бағыныштылардың мінез-құлқын да басқарады. Кемеңгер өміршілер мен бағыныштылар өз әрекеттерінде даоны ұғына отырып, оған сәйкес әрекет ететін жағдайда ғана көздеген мақсаттарына жете алады. Данышпан өміршілер көктасқа, саз тақталарға, ағаш тақтайшаларға ойып жазатын, жібекке түсіретін заңдардың барлық мәтіндерінің терең мағынасы – адамдарды *даоны* танып-білуге жақындату. Олар іс жүзінде ешқандай жаңалық қоспай, мұны нақтылап, басқаларға жеткізеді. Күллі нәрсе *даода* өмір сүріп, оған сіңіп кетеді.

Егер билік басындағы адамдар (патша және шонжарлар) *даоны* ұстанатын болса, бұл деп есептеді

қытай философы, тұтас алғанда қоғамның өміріне пайдалы ықпал етеді – халық тынышталады, ал “аспан мен жер үйлесімділікте қосылып, бақыт пен игілік орнайды...”<sup>34</sup>.

Бұл тұста Лао-цзы патша мен оның айналасындағылардың даоны ұстануда бірлігі қажеттігін атап көрсетті. Сонымен қатар, билеушілердің бірлігі оларды халықтың санасында еліктеу үлгісіне айналдырады.

Кемеңгер билеуші қарапайым болуы тиіс, ол қанағатсыздықтан, сән-салтанаттан және ысырапшылдықтан бас тартуы керек<sup>35</sup>. Ол өзінің іс-әрекеттерінде даоға сай болуы, өзін табиғи түрде ұстауы және даоға жетекшілік рөлді беріп, өзі жетекте болуы тиіс. “Билігі өте қарекетшіл халықты басқару қиын болады”<sup>36</sup>. “Халқы оның бар екенін ғана білетін билеуші – ең жақсы билеуші”<sup>37</sup> – деп жазды Лао-цзы.

Даоны танып-білудің және соған сәйкес әрекет етудің салдары ретіндегі патшаның әділдігі – оның табысының кепілі. Заттардың табиғи қозғалысын, олардың өздерінің бастауына оралуын танып білуді қытай ғұламасы тыныштықты, дүниенің табиғи күйін, заңдарын танып білу деп есептеді. Білімге негізделген әрекеттерді білу әділдіктің негізін құрайды. “Тұрақты білетін адам кемеңгер болады; кемеңгерлікке жеткен адам әділ болады; әділдікті меңгерген адам патша болады. Патша болған адам аспанды бағыт етеді. Аспанды бағыт еткен адам даоны ұстанады. Даоны ұстанған адам мәңгілік болады және өмірінің ақырына дейін (мұндай патша) қауіп-қатерге ұрынбайтын болады”<sup>38</sup>. Билеушінің

асығыстық істеуі оны биліктен айыруы мүмкін<sup>39</sup>. Әсіресе үлкен патшалықты басқаруда асығыстыққа жол беруге болмайды, мұны Лао-цзы аспаздың сабырлы және абай болуын қажет ететін “ұсақ балықтардан тағам”<sup>40</sup> өзірлеумен салыстырды.

Даоны ұстанатын кемеңгер билеуші әрекетсіздік күйіне жетеді де, осы арқылы күш-қуаттың шыңына шығады. Әрекетсіздік тындырмайтын еш нәрсе жоқ, – деді Лао-цзы. – Сондықтан Аспан астын иелену қашан да әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылады. Әрекет етуші адам Аспан астын иелеп алмайды”<sup>41</sup>.

Лао-цзының ойынша, Даоны ұстанатын кемеңгер билеуші (патша) – ғарыштық ауқымдағы өте маңызды тұлға. Лао-цзы даоны, аспанды, жерді және патшаны шексіз қозғалыста болатын және шегіне жете алмайтын ұлы нысандарға жатқызды. Өлбетте, бұл арада ол осы төрт ұлы құбылыстың жоғарыда аталған иерархиясын да мойындады.

Лао-цзы кез келген патша билігінің, теңсіздіктің және адамдарды басқа адамдардың пайдалануының діни шығу тегін теріске шығарады. Табиғи және еркін дамуға, барлық адамдардың теңдігіне негізделген қоғамдық құрылыс – оның мұраты болды.

Лао-цзының пікірінше, адамдарды іс-әрекетінің сипатына қарай екі топқа бөлуге болады. Адамдардың бірінші тобы (жоғары дәні иеленген<sup>42</sup>) – бұлар әрекетсіздік жолымен жүретін адамдар. Адамдардың екінші тобы (төменгі дәні иеленетін) – бұлар даоға қарамастан, дүниені өзгертуге ұмтылатын, күш-қуатын жұмылдырып, белсене әрекет ететін

адамдар<sup>43</sup>. Егер адам әрекетсіздік жолымен әрекет етсе, оған табиғи даму жолымен жүру қиындық туғызбайды. Егер ол барлық нәрсені өзінің еркіне бағындыруға ұмтылса, онда ол бір ғана нәтижеге жетеді – ақиқат білім дегенсіп адамдарды адастырады. Бар қасірет осыдан шығады. Қалай болғанда да өзінің жоспарын жасап, жүзеге асыруға, қоғамның жасанды моделін жасауға ұмтылып, оларды табиғи өмірді ескерместен жүзеге асыруға тырысу тұйыққа әкеп тіреуі мүмкін. Елді басқару ақыл-гөйсуге мұқтаж емес, елді басқару *дао* жолына қарағанда жақсы жолды білемін дейтін билеушінің белсенді әрекеті секілді ешқандай жақсылыққа жеткізбейді. “Қарекетшіл үкіметтің халқы бақытсыз”<sup>44</sup> – дейді Лао-цзы. Ел өзіндік ерекшелігімен өмір сүруге тиіс.

Лао-цзының ойынша, әрекетсіздік жолымен, жеке немесе әлеумет әрекетсіздік жолымен әрекет етуде адамдар *дао* ағынына түседі, оған ұқсайды, онымен бірге жылжиды, өзін оның күштері мен заңдарына бағындырады және нақты адамдардың жеке немесе топтық әрекет етуінің орнына бүкіл дүниенің, сондай-ақ оның жеке бөліктерінің стихиялық табиғи дамуының қуатты күштері, энергиясы мен заңдары әрекет ете бастайды. Қозғалыссыз қозғалу да *даоға* түсуді, онымен қосылуды, оның табиғи және стихиялық қозғалысына бағынуды білдіреді, яғни ортада, *даода*, *дао* жолымен, *дао* арқылы және *даоның* көмегімен қозғалуды және ілгерілеуді білдіреді (тіпті егер адам өздігінен жеке жүріс, ілгерілеу жасамаса да).



## Даосизм және тарих Лао-цзының ізбасарлары

Лао-цзының билеуші үшін даоны ұстануының қажеттігі туралы идеяларын оның ізбасарлары да уағыздады. Болмашы шенеунік лауазымында болған, кейін мемлекеттік қызметтен бас тартқан, Лао-цзының ізбасары Чжуан-цзының (Чжуан Чжоу, Мэн Чжоу, Янь Чжоу) (б.з.д. 369–286 жж. шамасы) “Чжуан-цзы” ғақлиясында да патшаның рөлі туралы мәселе талқыланды<sup>45</sup>. Осы шығармадағы еңгімеге қатысушылардың бірі былай деп мәлімдеген: “патша адамдардың ортасында заңдарды, ережелерді, қағидаларды өзі белгілейді, сондықтан оларға құлақ аспауға, оларға сәйкес бейімделмеуге қарапайым адамдардың ешқайсысы бата алмайды!”. Осыған байланысты сұхбаттың келесі қатысушысы былай деген: “Бұл әділетсіз билік. Аспан астын бұлайша басқару – мұхитты кешіп өтумен, өзенді қашаумен оюмен, масаларды сап түзе жүруге үйретумен немесе тауды арқалап жүрумен пара-пар. Кеменгер адам мемлекеттік істерді қолға алғанда, сыртқы істерді басқарумен айналыса ма?”<sup>46</sup>. Ғақлияның ендігі бір тұсында Чжуан-цзы: “Мен Аспан астындағы дүниеге өзі қандай болса, сондай күйде болуға мүмкіндік беру керек дегенді естідім, ал дүниені басқару керектігі жөнінде естіген емеспін”<sup>47</sup> дейді.

Чжуан-цзының ойынша, *даога* сәйкес басқару дегеніміз барынша сабырлы және бейтарап болуды, барлық құбылыстардың, проблемалардың, істердің мәніне терең бойлауға ұмтылуды білдіреді. Бірақ ешкімге еш нәрсені таңуға болмайды, еште-



нені қайта құруға, ештеңені өз қалауына қарай қайта ресімдеуге болмайды. *Даога* сәйкес басқару дегеніміз ғарыштың, қоғам мен адамның өзін-өзі жоғары ұйымдастыруын ұғынуды білдіреді. Бұл сондай-ақ дүниеде бар үйлесімділіктің барлық деңгейлерін ұғынуды, оларға бағынуды және өзінің еркімен, өзінің озбырлығымен, өзінің бұл дүниені, оның мәні мен мақсаттарын өзгелерден жақсы түсінемін деген аңғал сенімділігімен бұл үйлесімдікті бұзбауды білдіреді. “Чжуан-цзы” кітабында Аспан астын қалай басқару керек деген сұраққа мынадай жауап келтірілген: “Сенің жүрегің дәмсіз-татымсыз нәрсеге шомсын. Сенің рухың тұлғасыз нәрсемен біріксің. Күллі нәрсенің мәніне ден қой және бойыңда артық ешнәрсе болмасын. Міне, сонда Аспан астында тәртіп орнайды”<sup>48</sup>. “Чжуан-цзы” трактатының келесі тұсында өмірші бақташы баладан Аспан астын қалай басқару керек деп сұрағанда: “Аспан астын жылқыларды баққандай басқарса болмас па? Жылқыларға зиян келтіретін нәрселерді жою керек, – бар болғаны осы!”<sup>49</sup>. Чжуан-цзы бойынша, мемлекет “оны ешкім байқамайтындай болып өмір сүре берсін”<sup>50</sup>.

Даосизмнің Чу мемлекетінен шыққан келесі өкілі Чжань Хэ (б.з.д. IV ғ.) мемлекеттің есен-саулығы ең алдымен жеке адамның, қол астындағы адамдардың есен-саулығына байланысты деп атап көрсетті<sup>51</sup>.

Даосизм мифологиясына сәйкес, кейін Лао-цзы жасап, дамытқан ілім адамдарға алғаш рет аты аңызға айналған император Хуан-ди арқылы мәлім болған. *Даосизмнің* ертедегі бағыттарының бірі де

осылай – Хуан Лао сюэ пай (Хуан-ди – Лао-цзы ілімі) ілімі деп аталған<sup>52</sup>. Қытай ұлтының негізін қалаушының, алғашқы билеушінің және кеменгер-сөуегейдің есімдерінің бірігуінде басқа да пайдалы жақтарымен қатар, Қытайдың ұлттық діні – даосизмнің маңызы, билеушілердің және тұтас алғанда мемлекеттік биліктің даосизм идеяларын ұстануының қажеттігі, Хуан-дидің кемел басқаруына сәйкес басқару саясаты мен жүйесін түзету негізі атап көрсетіледі. Даостардың пікірінше, қозғалысты қамтамасыз ететін қозғалыстың жолы мен басқару тетігі туралы білімдерді біріктіру нағыз ағартушылық басқаруға жол ашқан болар еді, оның негізін ғарыштың жоғары заңдарын сақтау құрайтын болады. “Дао дә цзин” кітабы Хуан-дидің кемел басқаруын қалпына келтіруге нұсқау ретінде қарастырылды. Оның басқаруы кез келген билеушінің қолынан келе бермейтін, кез келген басқаруды сынау және жетілдіру үшін негіз болатын үлгі ретінде түсіндірілді.

Бір мезгілде даосизмнің теоретигі және Ежелгі Қытайдағы бір аймақтың билеушісі болған Лю Ань (б.з.д. II ғ.) даосизм идеяларын ұстанатын билеушінің тұжырымдамасын жасап, жүзеге асыруға тырысты. Ол даоны иеленуді, дүниеге бастапқы үйлесімділігін “қайтаруды” адамзаттың тіршілік етуінің мақсаты деп есептеді. Лю Аньнің ойынша, кеменгер билеуші ғарыштың терең заңдарын басшылыққа алуы және “Аспан астын басқарудың басты құралы”<sup>53</sup> болып табылатын “әрекетсіздік” принципін сақтауы тиіс. Адам (және билеуші) дүниемен, ғарышпен біте қайнасқан біртұтас бола

білуі, өзін және оны біртұтас деп түсіне білуі, оның қозғалыстарын, байланыстары мен заңдарын сезініп, оларды ұстана білуі тиіс.

Князь Лю Ань сарайындағы оның өзі қатысатын үйірмеде даосизмнің аса көрнекті шығармасы “Хуайань-цзы” (“Хуайнаннан шыққан философтар”) өмірге келді. Ғақлияда “Аспан астындағы шаруалар басқаруға мұқтаж емес – олар өздерінің табиғи жолымен жүріп келеді”<sup>54</sup> деп атап көрсетілді. *Даоны* ұғынған адам табиғи нәрсені адам қолымен жасалған нәрсеге айырбастамайды, оның сырты өзгергенімен, іші өзгермейді. “Сондықтан *даоны* ұғынған адам жоғарыдан орын ала отырып, халыққа масыл болмайды; ілгерілеу барысында оған нұқсан келтірмейді”<sup>55</sup>. Билеуші қатал заңдар мен жазаларды пайдаланбауы тиіс – бұл құралдар – өзін және халықты текке азаптау, бірақ олар айқын мақсатқа жеткізбейді (өрме қамшыны сілтеумен алысқа кете алмайсың)<sup>56</sup>. Билеуші жазалау әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ шапағат көрсетуде де абай болуы тиіс, – “басқару жолын ұғынудың сыры осында”<sup>57</sup>. Даоға сәйкес әрекет ететін билеушілер “әдет-ғұрыптарды өзгертті, заңдарды ауыстырды – осының бәрі тек жүректің қалауымен болды. Бұған заң, тыйым салу, жазалау, айыппұл салумен жетуге болар ма еді?”<sup>58</sup>. Ғақлияның авторлары толы әрекетсіздікте болуды ақиқат жолы деп танып, мұндай мүмкіндікті жоққа шығарды: “Бұйығы адам әрекетсіз болғанымен, барлық нәрсеге іштей қатысады; сабырлы адам басқармаса да, бар нәрсе орнында болады”<sup>59</sup>.

Даосизмге сәйкес, адамның әрекеттері, мінез-құлықтары іштен және сырттан басқарылады.

Сыртқы басқару – неғұрлым мәжбүрлі, жасанды болса, ішкі басқару – барынша табиғи, терең болады. Мұнда ішкі басқару сыртқы қарым-қатынас үшін де, ішкі дүние үшін де барынша табиғи әрі терең болады. Ішкі басқару өзін-өзі басқаруға ұқсас және ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты барынша сенімді реттеп отырады. Ол, сөз жоқ, бастапқы, жетекші элемент, ал сыртқы қарым-қатынастар мен ішкі басқару – әлбетте жетектегі, ішкі басқару күштеріне бағынатын элемент. “Егер ішкі басқару сыртқы элементті басқарса, деп айтылған “Хуайнань-цзыда”, – жүздеген іс-шаралар реттелетін болады. Ішкі басқару ие болған жетістіктер, сыртқы басқаруға да таралады”<sup>60</sup>.

Бұл ғақлияға сәйкес, елді оңтайлы басқару әдісі билеушінің және оған қызмет ететін адамдардың бүкіл командасының күштері мен әр түрлі қабілеттіліктерінің парасатты, табиғи және үйлесімді қанат жаюына жол ашады: “Тәртіптің болуын қалайтын өмірші жүректі кеуек, ерік-жігерді ынжық етеді, оның ақыл-парасаты айқын болып, көңіліне дақ түспейді. Сонда оның толып жатқан малайлары тұстұсынан оған өздерінің қызметін ұсынуға асығады, өмірші үшін олардың ішінде ақымақ та, ақылды да, лайықты да, лайықсыз да жоқ – олардың әрқайсысы өз қабілеттерін сарқа жұмсайды. Мән-жай осылай болғанда, мырза малайларды басқару тетігін қолына алады, ал малайлар – мырзаға қызмет ету дағдысына машықтанады. Сонымен, елді басқару *даосы* айқын болады”<sup>61</sup>.

Ғақлияда билеушіге өте абай болу, оның өсерінің табиғи заңға сәйкес болуын басшылыққа ала оты-



рып, сараланған саясат жүргізу ұсынылады. Мұндай саясат жүргізу үшін осындай жоғары принциптерді негіз ете отырып, әрқайсысы өз орнында болатын лайықты бағыныштыларды іріктеп ала білу де маңызды. “Сондықтан әмірші не нәрсені қолына алса да, оның абай болмасқа шарасы жоқ, – деп мойындайды “Хуайнань-цзы”. – Міндеттер қолайлы адамдарға жүктелсе, мемлекетте бәрі орнында, жоғарыдағылар мен төмендегілер өзара үйлесімде, малайлар туыстарындай, халық бас игіш болады. Егер міндеттер қолайсыз адамдарға жүктелсе, мемлекет күйреу шегіне жетеді, жоғарыдағылар мен төмендегілер бір-біріне қулық істейді, малайларды ашу-ыза кернейді, халық бүлікшіл болады. Бір қателік жіберу, өмір бойы азап шегуге жеткілікті. Осыларды тудыру немесе олардан арылу – билеушіге байланысты”<sup>62</sup>. Билеуші өзінің қолындағы адам күштерін дұрыс пайдалана білуге тиіс, өйткені бұл оның нақты күштері болып табылады. “Халқына лайықты билеуші, – деп атап көрсетті даосизмнің ізбасарлары, – адамдарды таңдауда ағаштан түйін түйетін керемет шеберге ұқсайды: ол зәулім ағаштарды кемелер жасауға, көпірлердің тіреуіне жаратады; шағын ағаштардан ескектер мен бағаналар істейді; ұзындарын – галереялар мен ғимараттар ернеуінің көлденең шабақтарына, қысқаларын – көпірлердің бағаналары мен тіреулеріне жаратады. Қысқасы, шағын да, үлкен де, ұзын да, қысқа да ағаш жоқ – олардың әрқайсысы өз орнына сай көдеге жарайды. Жұмыры да, шаршысы да бәрі көдеге асады”<sup>63</sup>.

Билеуші көп ретте өзінің қол астындағылардың іс-әрекеттерін бағыттап отырады, оларға ұнамды



және жағымсыз мінез-құлық үлгісін көрсетеді. “Сондықтан әмірші дұрыс жолдан таймастан, әділ басқарса, оның тура сөзді кеңесшілері істерді тындырады, ал қаскүнемдері – бас иіп көнеді. Егер билеуші түзу жолдан тайса, әділсіз адамдар ойланғанына жетеді, ал адал адамдар – оңашаланып кетеді... Билеуші кемеңгер болса, шеңдегілер бар күш, мүмкіндігін жұмылдырады, кемістіктер мен жамандықтар із-түзсіз жойылады. Күн сайын көптеген ерлік істер жасалады, ержүректілер қаһармандық істерге бар күшін жұмсайды”<sup>64</sup>.

“Хуайнань-цзыда” заңдардың мағынасы мен табиғаты туралы мәселелер де қарастырылады. “Заңдар, – деп жазады ғақлияның авторлары, – бұл Аспан астының өлшемдері мен салмағы, билеуші үшін деңгейлеуіш және тіктеуіш”<sup>65</sup>. Заңдар міндеттермен, сыртқы мәжбүрлеумен, жазамен ұқсастырылды. Заңдарды ұстанатындарға, белгіленген мінез-құлық өлшемдеріне лайықты әрекет ететіндерге берілетін мадақтаулардан өзгеше, заңдар жалпы тәртіпті сақтамайтындар үшін белгіленетіні айқын. Сонымен қатар, заңдардың мағыналары қол астындағылардың мінез-құлқын шектеп қана қоймастан, сондай-ақ билеушінің мінез-құлқын бақылап отыруда екені де атап көрсетіледі. “Заңдар, заңдар жинағы, қағидалар және ережелер – билеуші жеке-дара билік жүргізбеуі үшін де билеушіге шектеу қояды. Адамдар озбырлық жасай алмайтын кезде *дао* жеңіп шығады...”<sup>66</sup>.

Заңдар дегеніміз – адамдар қоғамы үшін олардың өздері ойлап тапқан туындылары. Адамзат заңдарының мағынасы – адамдардың жаратылысына

төн қарым-қатынастар орнату. Ал бұл олар көптеген адамдардың мүдделері мен ақыл-ойынан шығатын ережелерге сай әрекеттерді орнықтырады деген сөз<sup>67</sup>. Көптеген адамдарды біріктіретін осынау туынды – “басқарудың мәні” болады. Алайда заңдардың күші мен әлсіздігі олардың әмбебаптығында, адамға лайықтылығында және төменнен жоғарыға қарай баршаға бірдей таралуында. “Заңдарды аспан жаратпаған, Жер туғызбаған, олар адамдар арасында пайда болған, оларды адамдар түзете алады. Өзінде бар нәрсені өзгенің де иеленуіне тыйым салма; өзінде жоқ нәрсені, өзгеден талап етпе. Төмендегілерге лайықты нәрсе, жоғарыдағылар үшін де жат емес; халықтың пайдалануына тыйым салынған нәрсе, саған да тиісті”<sup>68</sup>. Бұл формула – заңдардың негізі болып табылатын тегеурінді талаптың ежелгі үлгісі, құқықтық жеке сана-сезім мен құқықтық мінез-құлықтың қоғамдық сана-сезіммен, мінез-құлықпен, адамның жаратылысымен арақатысын түсіндіруге тырысқан ой-пікірлер кейін бұл үлгіге сан мәрте қайырылған. Бұған қоса, даосизм саясатта адамның құқықтары мен мүдделерін елемеуге болмайды деп есептей отырып, жеке адамның маңызын, сондай-ақ құқық пен адамгершіліктің маңызын атап көрсетті. “Сондықтан бүкіл Аспан астына пайда келтіруші адам – өзінің борышын атқарушы емес. Бір адамға пайда келтірудің өзі жеткілікті – сонда бүкіл Аспан асты саған бас иелеседі. Төрт теңіздің арасындағылардың бәрін жауыздығымен қан қақсатушы – жүгенсіздік жасаушы емес. Бір адамға зиян келтірсең – бүкіл Аспан асты саған қарсы тұрады”<sup>69</sup>, – деп айтылған “Хуайнань-цзы” ғақлиясында.

Өмірдің қажеттілігінен туындаған құбылыс ретінде заңдар өзгеруі мүмкін, бірақ олар қолданыста, күшінде болуға тиіс, өйтпейінше өзінің мағынасынан айрылып, өзінің міндетін атқармайды деп танылды. Осыған орай, белгілі мағынада заңдардың рөлі билеушінің мемлекеттегі рөліне қатысты алғанда басымдылыққа ие болады деп танылды. “Опат болатын мемлекет – бұл билеушісі жоқ мемлекет емес, бұл – заңы жоқ мемлекет. Заңдардың өзгеруі заңсыздықты білдірмейді. Заңдар бар болса және олар пайдаланылмайтын болса, бұл олардың жоқтығымен бірдей”<sup>70</sup>. Заңдар аса маңызды басқару құралы деп танылды. Бұдан *даошылардың* сана-сезімінде құқық саласының күрделі саяси-құқықтық жаратылысын, сондай-ақ басқа құқық мектептерінің (Мо-цзы ізбасарларының, ерте легистердің) белгілі ықпалын және басқару тәжірибесінің қажеттіліктерін есепке алу қажеттігін көруге болады.

“Сонымен, – деп танылды ғаклияда, – заңдар, заңдар жинағы, өлшемдер мен салмақ – бұлар билеушінің төмендегілерді басқару құралдары. Олардан бас тарту және пайдаланбау – бұл жүген салынбаған атқа мініп шабумен бірдей. Онда малайлар тобы мен күллі халық жоғарыдағыларды ақымақ ете бастайды”<sup>71</sup>.

Көріп отырғанымыздай, Лю Ань мен оның үйірмесі өкілі болған неғұрлым кейінгі даосизм ерте даосизмді заңдардан шеттетуді, оларды көрінеу бағаламауды жеңуге әрекеттенді.

Даосизм бірнеше бағыт, мектеп түрінде дамыған. Чжан Дао-лин II ғ. құрған Аспан төлімгерлерінің

мектебі немесе Ақиқат бірлігі жолының мектебі барынша мәлім мектептердің бірі болды. Аңыз бойынша, оған Лао-цзы келеді де, оны өзінің Жердегі бастығы – Аспан тәлімгері етіп тағайындайтынын жариялайды. Аспан тәлімгері лауазымы қазірге дейін мұрагерлікпен беріледі<sup>72</sup>.

Аса маңызды “Тай пин цзин” *дао* мәтіндерінің бірі – “Ұлы тепе-теңдік (теңдік, береке) қағидасының” қалыптасуы жаңа заманның алғашқы ғасырларына жатады. Сірә, Сары шүберектілер көтерілісінің (184–204 жж.) негізіне осы ғақлияның идеялары алынған болар. Екі миллиондай адамнан тұратын көтерілісшілер “сары аспанның”, жалпыға бірдей береке мемлекетінің нышаны ретінде сары шүберек таңып жүретін болған. Көтеріліс жеңіліске ұшырап, аяусыз басып-жанышталған соң көтерілістің қаза тапқан жетекшісі – *даоның* емдеуші-сиқыршысы Чжан Цзюэнің тірі қалған жақтастары батысқа қашты. Онда, Қытайдың таулы аудандарында Чжан даолиннің немересі Чжан Лу басқаратын күшті *дао* сектасы өрекет ететін. Көтерілісшілердің қалдықтарымен күшейтілген бұл секта өсіресе Хань әулетінің күйреуі мен бүліктер жайлаған заманда саяси жағынан дербес бірлік болып қалыптасты да, біртіндеп ондағы билік іс жүзінде мұрагерлік жолымен берілетін жеке теократиялық құрылымға айналды. Даошылардың бұл теократиялық мемлекеттік құрылымы Қытайда XX ғасырға дейін өмір сүрді. 1949 ж. кейін Чжандар руынан шыққан 63-*дао* папасы Тайваньға қоныс аударды<sup>73</sup>.



Біздің заманымыздың III–IV ғғ. Қытайда даосизм (жаңа даосизм) белсене жанданады, ол біраз уақыт басқа философиялық мектептер арасында басым жағдайды иеленеді. Жаңа даосизмнің пайда болуы айтарлықтай дәрежеде қытай қоғамының басынан өткен әлеуметтік-саяси дағдарысқа, біздің заманымыздың 220 ж. Хань әулетінің құлауына және империяның ыдырауына байланысты болды.

Жаңа мектептің негізін қалаған Хэ Янь (Хэ Пиншу, 190–249 жж.) және басқа философтар еді. Хэ Янь әрекетсіздік идеяларын белсене уағыздады. Оның шығармаларының бірі осылай аталған – “У вэнь луй” (“Әрекетсіздік туралы”). Хэ Яньнің айтуынша, *даоны* танып-білген адам ұдайы әрекетсіздік принципін ұстанатын болады. “Баопу-цзы”<sup>74</sup> ғақлиясының және мәңгі жасау ілімінің авторы Гэ Хун (Гэ Чжичуань, 283–343 немесе 284–363 жж.) жаңа даосизмнің ең көрнекті өкілі болып есептеледі. Мүмкіндігінше Лао-цзы мен Конфуций идеяларын біріктіру жаңа даосизм белгілерінің бірі болды.

XII ғ. даосизмде болып өткен өзгеше “реформация” жаңа мектептердің пайда болуына, оның ішінде даосизмде осы уақытқа дейін жетекші болып келе жатқан Кемелденген ақиқат ілімі мектебінің пайда болуына әкеп соқтырды. XIII ғ. Шыңғысханмен кездесіп, бұл ұлы шапқыншыны даосизм жолына түсіруге тырысқан монах Чань-Чунь осы мектептің өкілі еді. Чань-чунь, бұған қоса, қазіргі Пекиндегі даосизмнің бас монастырының негізін қалаушы болды.

XIX ғасырда американдық ойшылы әрі жазушысы Генри Дэвид Торонның ілімі Лао-цзы идеяларымен



үндес болды. Ол “Азаматтық бағынбау” (1849 ж.) және басқа жұмыстардың авторы, құлдыққа қарсы күрескер, табиғат заңдары мен бүкіләлемдік ақыл-ойдың сәйкестігін мойындаушы, жеке бостандық пен жеке кемелдену идеяларын насихаттаушы, азаматтық бағынбау және “қатыспау” актілері ретіндегі зорлық-зомбылықсыз революция идеясын қорғаушы, қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді барынша азайтуды жақтаушы болды<sup>75</sup>. Г.Торонның мемлекеттілік пен заңдарды сынауын анархиялық-индивидуалистік сынауға жатқызуға болады.

XX ғасырда Л.Н. Толстойдың және Үндістанның өзін-өзі азаттық ету қозғалысының жетекшісі және рухани көсемі Махатма Гандидің идеялары Лао-цзының саяси идеяларына өте жақын болды. Тұтас алғанда, олардың ілімін саяси сана-сезімнің бір түріне – анархизмге, оның зорлық-зомбылықты, мәжбүрлеуді пайдалануға жат бір түріне жатқызуға болады. Толстой ежелгі қытай философының ілімін жоғары бағалады. Мысалы, дәрігер жазушы Д.П. Маковицкийдің жазбаларында Толстой түрлі адамдармен әңгімелесуінде Лао-цзыға жиі қайырылып, оны адамзат тарихындағы аса ұлы ойшылдардың бірі ретінде есептегені атап көрсетіледі. Толстой 1906 жылдары Лао-цзының идеяларын баяндаған бес кітаптың аудармасын жасаған, осыған қарамастан, ол “Дао дә цзинді” түпнұсқасынан оқу үшін қытай тілін үйренбек болған. Толстой Лао-цзы, Будда, Христос және басқа кейбір ойшылдар белгілі бір мәңгілік ақиқатты уағыздаған деп есептеді<sup>76</sup>.

XX ғ. екінші жартысында даосизм Қытайдағы ықпалды дін болып қала берді. 1957 ж. Бүкіл-қытайлық даосизм ассоциациясы құрылды, ол “ұлы пролетарлық мәдени революция кезеңінде, 1960 жылдардың екінші жартысында жабылды. 1980 ж. бастап ассоциация өз жұмысын қайтадан бастады. Пекиндегі Байюньгуань (Аппақ Бұлттар Монастыры) монастыры тұтас алғанда ассоциация және даосизм орталығы болып табылады, сонымен қатар, басқа да көптеген *дао* храмдары мен монастырлары жұмыс істейді. Ассоциация журнал шығарады, уағыздау және зерттеу жұмыстарын жүргізеді, оның ішінде даосизм тарихына қатысты жұмыстар да бар<sup>77</sup>. Даосизм Шығыс Азияның көптеген елдеріне ықпал етті.

Лао-цзы идеялары белгілі бір топтардың байлар мен билік басындағылардың езіп-жаншуы мен қысым жасауына қарсы енжар қарсылық көрсетуін білдірді, сонымен қатар, қоғамдық қатынастардың терең бойлайтын және тежеусіз табиғи реттелуіне, әділеттілікті қалпына келтіретін мемлекеттен және заңнан тыс тұрған табиғи реттеуіштердің күшіне деген сенімді нығайта отырып, адамдардың көңілін жұбататын. Ежелгі Қытайдың нақты саяси өмірден шеттетілген, жаңа діннен тірек іздеген әлеуметтік топтарының санасынан бұл идеялар қолдау тауып отырды. Адамзаттың аса ұлы ойшылдарының бірі – Лао-цзы ілімінің басты маңызы мынада: ол ақыл-ой тарихында тұңғыш рет қоғамдық, саяси және құқықтық құбылыстардың ғарышпен және оның негізге алынатын заңдарымен ғаламдық байланысының тұжырымдамасын дамытты, адам мен адам-

---

заттың өмір сүруінің іргелі проблемалары мен құпияларына, саяси-құқықтық шындықтың олармен байланысына назар аударды. Лао-цзы ілімі тарихта сана-сезім төңкерісін жасады, кейінгі ғасырлардың қоғамдық ой-пікірлерін “өлі нүктемен” қақтығыстырды, мәңгілік мәселелердің жаңа көкжиектерін ашып, оларға жауап табу жұмыстарын жандандырды.

*С.Ф. Ударцев*



Лао-цзы Батысқа атанды.  
Статуэтка

---

---

## ЕСКЕРТУЛЕР

Кітапты қазақ тіліне С. Ажибаев мына кітаптан аударды: *Лао-цзы*. Дао дэ цзин. 2-басылымы, толықтырылған және түзетілген/Қытай тілінен аударған Ян Хин-шун. Кіріспе мақаласы, ескертулері С. Ф. Ударцевтікі. Алматы: “Жеті жарғы”, 2003. Кітаптың 1-басылымы 2000 жылы орыс тілінде “Әділет” жоғары құқық мектебінде жарық көрген.

### ЛАО-ЦЗЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

<sup>1</sup> Аңызға сүйенсек, Лао-цзы (Ли Эр, Лао Дань, Ли Боян) әкесіз, күн қуатынан жаралған, ол қуат оның анасы жұтып жіберген бес жапырақты жауһазыннан алынған. Жеті-сегіз онжылдықтай ана құрсағында болып ол анасының сол жақ қабырға тұсынан шыққан, туғаннан кейін тоғыз күн өткенде бойы үш метр болған. Бәлкім “Қартайған сәби” деген атақ осы аңызбен байланысты болар. Оның тегінің Ли болуын ол алхоры ағашының түбінде туғандықтан деп түсіндіреді. Аңыз бойынша ол 200 жыл өмір сүрген. Лао-цзы б.д.д. VII ғасырдың аяғында өмір сүрген деген сөз бар. Лао-цзы жаратылыстың көптеген құпиясын білген, онда сиқырлық қасиет болған дейді. Қараңыз: Мифология: Большой энциклопедический словарь / Бас ред. Б.М. Мелетинский. М., 1998. 311-б.; Мифы народов мира: Энциклопедия: 2 т. /Бас ред. С.А. Токарев. 2-бас. 2-т. М., 1997. 98-б.; Китайская философия: Энциклопедический словарь / Бас. ред. М. Л. Титаренко. М., 1994. 159-б.

О политико-правовых воззрениях Лао-цзы. Қараңыз: мысалы: *Ян Хиншун*. Древнекитайский философ Лао-цзы и его учение. М.; Л., 1950; *Быков Ф. С.* Зарождение общественно-политичес-



кой и философской мысли в Китае. М., 1966; *Васильев Л. С.* Культы, религии, традиции в Китае. М., 1970; Дао и даосизм в Китае / Жауапты ред.: *Л. С. Васильев, Е. Б. Поршнева*. М., 1982; *Васильев Л. С.* Даосы об обществе и государстве // История политических и правовых учений. Древний мир / Жауапты ред. В. С. Нерсисянц. М., 1985. 184–187-бб.; *Мартышин О. В.* Древний Китай // *Азаркин Н. Н., Левченко В. Н., Мартышин О. В.* История политических учений. 1-бас. Жалпы ред. О. В. Мартышин. М., 1994; *Лукьянов А.Е.* Лаоцзы (философия раннего даосизма). М., 1991; *Ударцев С. Ф.* Лаоцзы (Из истории политической и правовой мысли) // Фемида (Алматы). 1997. № 1. 88–92-бб. *Семенов И.* Пять тысяч слов молчания // Кітапта: Лаоцзы. Обрести себя в Дао/Құрастырған, алғы сөздің, түсініктеменің авторы И.И. Семенов. М., 2000. 9–130-бб.;

*Васильев Л.С.* Даосизм // Кітапта: *Васильев Л.С.* История религий Востока. Ж.о.о. үшін оқу құралы. 5-бас. М., 2000. 310–325-бб.; *Ударцев С.Ф.* Политика правовые идеи Лао-цзы // Лаоцзы. Дао дә цзин. Алматы, 2000. 5–34-бб.; *Вонг Е.* Даосизм/Ағыл. ауд. Ю. Бушуева. М., 2001.

<sup>2</sup> Лао-цзының Батысқа кетуі әдебиетте оның өлуі деп қарастырылады, себебі ежелгі қытай ұғымында Батыс өшумен, өлумен теңдестірілген. Қараңыз, мысалы: *Лукьянов А.Е.* Лаоцзы (Философия раннего даосизма). 137-б.

<sup>3</sup> Аңызға қарағанда застава бастығын Инь Си (Гуань Инь-цзы) деп атаған. Инь Си – Лао-цзы шәкірттерінің бірі, оны Вэньши деп атаған. “Гуань Инь-цзы” – “Мудрец инь с заставы” ғаклиясы соныкі деп саналады.

<sup>4</sup> Қытай әдебиетінде “Дао дә цзинге” авторлық жайында онша мойындалмаған басқа да жорамал бар, онда “Дао дә цзиннің” авторы Конфуцийдің басқа замандасы – Лао Лай-цзы немесе чжоу мемлекеттік қайраткері Дань (мүмкін бұл Лао-цзының жалған аты) деген жорамал бар. Қараңыз, мысалы Ян Хин-шуының осы шығармаға алғы сөзі, Древнекитайская философия; Мәтіндер жинағы: 2 томдық, 1-т. М., 1972. 114–115-бб.

Қытай діндері мен философиясының тарихын зерттеуші Леон Вигер (Wiger) (1856–1933) Лао-цзы “даосизмді ойлап тапқан” жок, оның авторы да емес, ол бар болғаны оған дейін жазылған, мұрағаттарда сақталған, “упанишад үнді доктринасының қытайлық нұскасын” жариялаушы ғана деген болжам айтады. Қараңыз: *Васильев Л.С.* Дао и Брахман: феномен изначальной верховной всеобщности // Дао и даосизм в Китае. 144–146-бб.; *Кожин П.М. Вигер* // Китайская философия: Энциклопедический словарь. 52–53-бб.

Л. Вигердің болжамы да онша дәлелді емес, бірақ оның Ежелгі Үнді мен Ежелгі Қытай ой-пікірлерінің өзара ықпалын зерттеудегі елеулі еңбегін жокка шығаруға болмайды. Қытай өркениетінің автохтондық даму презумпциясы шындыққа жақындау.

<sup>5</sup> *Лукьянов А.Е.* Лаоцзы (философия раннего даосизма). 137-б.

<sup>6</sup> Қараңыз: *Торчинов Е.А.* Лао-цзы // Китайская философия: Энциклопедический словарь. 159-б.

Сонымен қатар, зерттеушілер ежелгі үнді мифтер мен аңыздардың, атап айтқанда, арий аңыздарының даосизм мифтері мен аңыздарына ықпалы болған деген болжам айтады. Мысалы, Л.С. Васильев алғашқы алып Пуруш жөніндегі ежелгі үнді аңызының алғашқы адам Паньга туралы даос мифіне ықпалы болуы мүмкін екендігіне назар аударады. Қараңыз: *Васильев Л.С.* История религий Востока, М., 2000. 313–314-бб.

<sup>7</sup> *Ян Хиншун.* Древнекитайский философ Лао-цзы и его учение. 38-б. Ойшылдар кездесуі болды немесе болған жок деген әр түрлі дәлелдер туралы. Қараңыз: *Переломов Л.С.* Конфуций: Лунь юй” / Зерттеу, қытайшадан аударылған, “Лунь юя”-ның факсимильдік мәтіні түсініктемесімен. Чжу Си. М., 1998. 60–61-бб. және т.б.

<sup>8</sup> Қараңыз: *Васильев Л.С.* Предисловие // Дао и даосизм в Китае. 10-б. Дао санатын “іс жүргізу санаты” деп А.Е. Лукьянов сәтті атады. Қараңыз: *Лукьянов А.Е.* Лаоцзы (философия раннего даосизма). 7-б. Қалай болғанда да, “дао” санатының мәндік көп маңыздылығын, ашықтығын, аяқталмағандығын және шексіз мазмұнын айтуға болады.

<sup>9</sup> Қараңыз: *Васильев Л.С.* Дао және Брахман: феномен изначальной верховной всеобщности // Дао и даосизм в Китае. 135-б.

<sup>10</sup> Қараңыз: *Горохова Г.Э.* Универсализм раннего даосизма // *Дао и даосизм в Китае.* 15-б.

<sup>11</sup> Қараңыз: Сонда. 29-б.

<sup>12</sup> Дао дэ цзин // *Древнекитайская философия.* 1-т. 138-б.

Кейбір зерттеушілер “Дао дэ цзиндегі” “даоны” ізгілікті күш деп түсіндіреді. Қараңыз: *Вонг Е.* Даосизм. М.: ФАИР-ПРЕСС, 2001. 35-б.

<sup>13</sup> Даосизмге жақын қытай ойшылы Го Сян (252–312 ж.), “Чжуан-цзы” даос ғаклиясының комментаторы былай деп жазды: тұрмыстың жалпы тәртібі идеясыз, түрсіз, бастаусыз әрі шексіз көп түрлілік, өз мәні бойынша “Хаос” (хунь дунь), яғни әлемде “басшы жоқ”. Қараңыз: *Китайская философия: Энциклопедический словарь.* 68–69-бб.

<sup>14</sup> Дао дэ цзин // *Древнекитайская философия.* 1-т. 116-б. Мұндай идеялар Чжуан-цзыда да кездеседі, ол кездейсоқтық емес. Қараңыз, мысалы: Чжуан-цзы // Чжуан-цзы. Ле-цзы/ Қытайшадан аударылған, алғы сөз, ескертулер мен сілтемелер В.В. Малявиндікі / *Философское наследие.* 123-т. М., 1995. 96-б.

<sup>15</sup> Дао дэ цзин // *Древнекитайская философия.* 1-т. 122-б. Бұл ой басқа редакцияда былайша аударылған:

*Для человека образец – Земля.*

*Для Земли образец – Небо.*

*Для Неба образец – Путь.*

*Для Пути образец – самопроизвольная естественность\*.*

(*Лао-цзы. Трактат о пути и потенции (Дао дэцзин)* // *Антология даосской философии.* М., 1994. 36-б.).

Аспан заңын үстану Лао-цзы үшін, бәлкім, басқаша, тікелей мәнді білдіреді. Осыған байланысты Г.Э. Горохова мынаны байқаған. Даосизмге сәйкес, табиғат құпиясына және құбылысына, даоға бойлап сіңетін, *дао* заңдарына толықтай сенетін ақылгөйлер, өз түрлерін өзгертеді, табиғатта еріп кетуге, жай адамдарға көрінбейтін, жеткізбейтін бір нәрселерге айналып кетуге қабілетті. “Адамның *Даоға* қол жеткізген ақылгөйге тікелей айналуының мұндай “тамаша” нәтижесі, – дейді Г.Э. Горохова – адамның денесіз ғарыштық болмысқа айналу мүмкіндігі туралы идеямен астарлас, олар еркін қалықтап жүреді, күн сәулесімен қоректенеді.

\* Өлеңдер орысша түпнұсқада берілді.

Даос ақылгөйлері де осы бейнеде берілген: айдаһарларды ерттеп мініп олар бұлттан жоғары көтеріліп жер мен аспанның біртұтас эфирін “кезіп жүреді”, оларға жалғыз – жарым ешнәрсе зиян келтіре алмайды, олар отқа жанбайды, суға батпайды, “адамзаттық” оларға нұқсан келтіре алмайды, қандай да бір апат болса, ол олардың “ақыл мұнарасына” жете алмайды; олар жоспар жасамайды, оларға білім керек емес, олар саудаласпайды, оларға тауар керек емес, “осының бәрінің орнына” ақылгөйді “табиғат табиғи тағаммен қоректендіреді. Тағамды ол табиғаттан алады, сондықтан оған адамдардікі керек емес”. Қараңыз: *Горохова Г.Э.* Универсализм раннего даосизма // *Дао и даосизм в Китае.* 29–б.

<sup>16</sup> Цитата: *Белозерова В.Г.* Символика оружия в “Дао дэ цзине” // *Дао и даосизм в Китае.* 35–б.

<sup>17</sup> Қараңыз: *Нерсесянц В.С.* Право и закон. М., 1983. 57–б.

<sup>18</sup> Дао дэ цзин // *Древнекитайская философия.* 1-т. 134–б.

<sup>19</sup> Лао-цзы былай деген: “Өзің арқылы басқаны танысың; бір отбасы арқылы басқаларын танысың; бір ауыл арқылы басқаларын танысың; бір патшалық арқылы басқаларын танысың; бір ел арқылы барлық Аспанастын танысың” Дао дэ цзин // *Древнегреческая философия.* 1-т. 131–б.

<sup>20</sup> Қараңыз: Сонда. 120–б.

<sup>21</sup> Қараңыз, мысалы: *Мартышин О.В.* Древний Китай // *Азаркин Н. Н., Левченко В. Н., Мартышин О. В.* История политических учений. 1-бас. 31–б; *Ударцев С. Ф.* Политическая и правовая теория анархизма в России: история и современность. Алматы: Казахстан; Высшая школа права “Әділет”, 1994. 41–б; *Ударцев С. Ф.* Анархизм // *Русская философия: Малый энциклопедический словарь.* М., 1995. 18–б.; *Ударцев С. Ф.* Анархизм // *Федерализм: Энциклопедический словарь.* М., 1997. 22–б. *Ударцев С.Ф.* Протоанархизм в Древнем мире: некоторые источники и представители (из истории политической и правовой мысли) // Мәскеу мемлекеттік ашық университетінің Жаршысы (*Кропоткин В.*, РФ), 2003. № 1 (10). 113–114, 116–118–бб.

Қараңыз: *Стабурова Е. Ю.* Анархизм в Китае. 1900–1921. М., 1983. 17–20–бб.; *Феоктистов В. Ф.* Ян Чжу // *Китайская философия: Энциклопедический словарь.* 522–б.; VII тарау. “Ян Чжу”-



Ле-цзы ғаклиялар. Чжуан-цзы. Ле-цзы /Философское наследие. 123-т. 362–376-бб.

<sup>22</sup> Дао дэ цзин // Древнегреческая философия. 1-т. 132-б. Басқа аудармамен салыстырыңыз: Антология даосской философии. 53-б.

<sup>23</sup> Қараңыз: Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1 т. 137–138-бб.

<sup>24</sup> Қараңыз: Сонда. 136-б.

<sup>25</sup> Цитата: Лукьянов А.Е. Лао-цзы (философия раннего даосизма). 115-116 б. Басқа аударма: Антология даосской философии. 39-б. Әрекетсіздік, патшалықтардың бейбіт бірге өмір сүруі, күш көрсетпеу туралы Лао-цзы пікірлері толығырақ, қараңыз: Лукьянов А.Е. Көрсетілген шығ. 114–116-бб.

<sup>26</sup> Қараңыз: Дао дэ цзин // Древнегреческая философия, 1-т. 124-б.

<sup>27</sup> Сонда. 138-б.

“Дао дэ цзиннен” келтірілген, А.Е. Лукьянов жасаған аударма көңіл аударарлық:

*Пусть царства станут маленькими, население редким,  
Чтобы имеющиеся любые орудия не применялись,  
Чтобы люди до конца своей жизни далеко не уходили.  
Хотя есть лодки и колесницы,*

*пусть никуда бы не ездили на них.*

*Хотя и есть латники, пусть никто*

*не строился бы в боевые порядки.*

Қараңыз: Лукьянов А.Е. Лаоцзы (философия раннего даосизма). 120-б.

<sup>28</sup> Кітаптардағы аудармалар: Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1-т. 126-б. Антология даосской философии. 42-б.

<sup>29</sup> Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1 т. 124-б.

<sup>30</sup> Сонда. 134-б.

<sup>31</sup> Сонда. 120-б.

<sup>32</sup> Антология даосской философии. 54-б.

<sup>33</sup> Сонда. 55-б.

<sup>34</sup> Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1-т. 125-б.

<sup>35</sup> Сонда. 123–124-б.



<sup>36</sup> Сонда. 136–137-б.

<sup>37</sup> Сонда. 119-б.

<sup>38</sup> Сонда.

<sup>39</sup> Сонда. 122-б.

<sup>40</sup> Сонда. 132-б.

<sup>41</sup> Сонда. 129-б. 131–132-бб. (§57–59)

<sup>42</sup> Дэ – ізгілік, рахат, сапа, өмір заңы (кондырғысы).

Ежелгі үнділік “дхарма” ұғымымен біршама ұқсастық бар.

<sup>43</sup> Қараңыз: Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1-т. 126-б. Сондай-ақ: Ян Хиншун. Древнекитайский философ Лао-цзы и его учение. 80–82-бб.

<sup>44</sup> Дао дэ цзин // Древнекитайская философия. 1-т. 132-б.

<sup>45</sup> Чжуан-цзының талантын, қабілетін білген Чу өміршісі оны Чу патшалығының бас министрі қызметіне шақырады. Патша жіберген шабарманды тыңдап алып Чжуан-цзы одан бас тартады. “Бас министр қызметі шындығында құрметті орын, – делі ол. – Ал сен, құрбандыққа шалуға әкелінген бұқаны көрдің бе? Оны бірнеше жыл семірткеннен кейін үстіне қымбат жабу жауып храмға әкеледі. Дәл осы кезде ол орнын ешкім елемейтін тораймен ауыстырар еді, бірақ кеш қалды. Кет! Мені бұзамын деп ойлама. Мен одан да арықтағы ағынды суға түсіп рахаттанамын, бірақ патшаға мойныма камыт кигіздірмеймін.

Өмірімнің соңына дейін шенеунік болмаймын, өз қалауымша рахат көрсем деген ниетім бар”. Цитата: *Рубин В.А.* Личность и власть в Древнем Китае: Собрание трудов. М., 1999. 61-б.

<sup>46</sup> “Чжуан-цзы” кітабынан // Антология даосской философии. 91-б. Даосизмнің негізін қалаушыларға, сонымен қатар: б.д.д. IV–III ғ. өмір сүрген Ле Юйкоу (Ле-цзы) мен б.д.д. II ғ. өмір сүрген ойшыл, әдебиетші және Хуайнань облысын билеуші Лю Ань (Хуай-нань-цзы) да жатады. Олар жайында толығырақ: Китайская философия: Энциклопедический словарь. 166, 191–192-б.

<sup>47</sup> “Чжуан-цзы” кітабынан // Антология даосской философии. 93-б.

<sup>48</sup> Сонда. 92-б.

<sup>49</sup> Чжуан-цзы // Чжуан-цзы, Ле-цзы / Қытайшадан аударған, алғы сөзін жазған *В.В. Малявин.* М., 1995. 215–216-б.

<sup>50</sup> *Малявин В.В.* Мудрость “безумных речей” // Чжуан-цзы. Ле-цзы. 15-б.

<sup>51</sup> Қараңыз: *Ли Си.* Чжань Хэ // Китайская философия: Энциклопедический словарь. 451-б.

<sup>52</sup> Қараңыз: Китайская философия: Энциклопедический словарь. 378–379-бб.

<sup>53</sup> *Леа Чженьдо.* Лю Ань // Китайская философия: Энциклопедический словарь. 192-б.

<sup>54</sup> *Хуайнань-цзы* // Древнекитайская философия. Эпоха Хань / Құраст. Ян Хиншун. М., 1990. 40-б.

<sup>55</sup> Сонда. 40-б.

<sup>56</sup> Сонда. 41-б.

<sup>57</sup> Сонда. 69-б.

<sup>58</sup> Сонда. 42-б.

<sup>59</sup> Сонда. 42-б. Басқарудың басқадай ежелгі қытай теориялары туралы ғаклияда әлем құрылысындағы, заттар қозғалысындағы маңыздыны қозғамайтыны, маңызды емес сыртқы нысандарға қатысты екендігі жайында айтылады. “Жүздеген мектеп әрқалай түсіндіреді, әрқайсының өз бастауы бар, Мысалы, Мо [Ди] мен Янның [Чжу], Шэнь [Бухан] мен Шанның [Ян] басқару туралы ілімдері арбаның жоқ доғасына, доңғалақтың жетпейтін шабағына үккас. Бар ма – артық емес, жоқ па – зияндығы да жоқ” (сонда, 49-б.).

<sup>60</sup> *Хуайнань-цзы* // Древнекитайская философия. Эпоха Хань. М. 1990. 44-б. “Аспанасты елін бағындыру үшін, – делінген ғаклияда, – міндетті түрде қолда билік болу, шокпар таяқ ұстау, бұйрық беріп, әміршілік жасау керек пе? Мен олай болу керек деп айтпас едім. Өзінді-өзің тапсаң болды. Өзінді тапсаң Аспанасты сені табады. Біз бірімізді-біріміз табамыз, мәңгілікке бірімізді-біріміз иемденеміз” (сонда, 45-б.)

<sup>61</sup> Сонда. 70-б.

<sup>62</sup> Сонда. 71-б. Ғаклияда, сондай-ақ: “Мемлекет, тоғыз жылдық қоры болмаса “жеткіліксіз”, алты жылдық қоры болмаса – “күйзелістегі”, үш жылдық қоры болмаса – “қайыршы” деп аталады, – делінген. Сондықтан мейірман басшы, ақылды патша елді тонамайды, қанағатшыл болады – керегін Аспан мен Жерден алады, аштық пен суықтан күйзелмейді. Ашқарақ басшы, қатыгез

төстеуші қара халыққа тыныштық бермейді, өз халқын тонайды, қанағат дегенді білмейді, нәтижесінде Аспан мен Жер үйлесімін, молшылығын жоғалтады” (сонда, 77-б.).

<sup>63</sup> Хуайнань-цзы // Древнекитайская философия. Эпоха Хань. М., 1990. 73-б.

<sup>64</sup> Сонда. 71-б. Басшысы даоға қарсы әрекет ететін мемлекеттегі жағдай ғаклияда басқаша суреттеледі: “Былық жайлаған мемлекетте басқаша. Онда еңбек сіңірмей даңққа бөленушілер көбейеді, қызметін адал атқарғандар жазаланады. Әмірші мен оның төңірегіндегілердің қабақтары қатаң, ақылын ашуға алдырған, қызметшілері топ-топка бөлінген, сенімсіз; мылжындардың сөзі майлы; әркім өзінің бас пайдасы үшін шеберлігін асырады. Әмірші мен оның төңірегіндегілер бұйрықтар береді, қандай да бір топтың мүддесі үшін оларын бұзады; бұйрықтар мен заңдарда көрсетілген тыйымдар сақталмайды. Ақылдылар қабілеті өтірік пен қулыққа жұмсалады; ержүректер уақытын жарыспен өткізеді. Шені үлкендер биліктің көбісін өз қолдарына алады, шені төмендер өз құқықтары үшін әуре, пікірлестер бірлесіп жоғарыдағыларға маза бермейді. Мұндай мемлекет аяғында тұрғанмен, бұрынғылар оны құлағанға санайтын” (сонда).

<sup>65</sup> Сонда 74-б.

<sup>66</sup> Сонда.

<sup>67</sup> Сонда. Гегель Лао-цзы қолдаушыларын “ақыл-ойға басқарғандар” деп атаған. “Олар өз өмірін ақыл-ойды зерттеуге арнайды, — деп жазды ол, — кімде-кім ақыл-ойды оның негізі деп білсе, сол жалпыға ортақ ғылымды, жалпы бірдей емдік қасиетті игереді, мейірімділікті бойына жинайды, ондай адамда аса көп күш-қуат болады, ол аспанға ұша алады, ешқашан өлмейді”. Қараңыз: Гегель Г. В.Ф. Лекции по истории философии. Спб., 1993. 165-б.

<sup>68</sup> Хуайнань-цзы // Древнекитайская философия. Эпоха Хань. М., 1990. 77–75-бб.

<sup>69</sup> Сонда. 76-б.

<sup>70</sup> Сонда. 75-б.

<sup>71</sup> Сонда.

<sup>72</sup> 64-Аспан ұстазы Тайваньда тұрады, бірақ оның тұқымдас-тары ҚХР-да да бар. Қараңыз: Торчинов Е.А. Даосизм // Лекции по истории религии. Жинақ, 1997, 37-б.

<sup>73</sup> Қараңыз: *Васильев Л.С.* История религий Востока. М., 2000. 315-б.

<sup>74</sup> Гэ Хуне туралы қараңыз, мысалы: *Торчинов Е.А.* Основные направления эволюции даосизма в период Лючао // Дао и даосизм в Китае. 60–79-б.; Сонда. Учение Гэ Хуна о Дао: человек и природа // Проблема человека в традиционных китайских учениях. М., 1983; Сонда. Гэ Хун // Китайская философия: Энциклопедический словарь. 85-б. См. также: *Философский энциклопедический словарь.* М., 1983. 424-б.

<sup>75</sup> Өмірінің соңғы жылдары, дегенмен, Г.Торо өзі үшін елеулі проблеманы шешуге талпынды, атап айтқанда: әлеуметтік ауыртпашылықпен күресте азаматтық соғыс пен революциялық күрестің қалайда болатындығын лажсыз мойындау үшін зорлыққа жол берілетін, берілмейтіндігін қарастырды “Мен ешкімді өлтірмеймін және өзімнің де өлгім жоқ, – деп жазды ол, – бірақ оның екеуі де болатын жағдайды мен көріп тұрмын”. Қараңыз: *Старцев Л.М.* Генри Торо и его “Уолден” // *Торо Генри Дэвид.* Уолден, или Жизнь в лесу. 2-бас. М., 1979. 422-б.

<sup>76</sup> Қараңыз: Литературное наследство. 90-т: 4-кітап. У Толстого. 1904–1910. “Яснополянские записки: Д.П. Маковецкий. 2-кітап. 1906–1907. М., 1979. 307, 480, 566-бб.

<sup>77</sup> Қараңыз: *Торчинов Е.А.* Даосизм. 38–39-бб.

### Лао-цзы. “Дао дэ цзин”

Лао-цзы идеясы бар елеулі шығарма қытайша түп нұсқадан аударылып “Чжунцзы цзи-чэн”-нің 3-томына кірген (“Собрание классических текстов”. Шанхай. 1935). Бұл аударманың негізіне Ян Хин-шуы аудармасы алынған, ол Ян Хин-шуы кітабында жарияланған: Древнекитайский философ Лао-цзы и его учение. М.; Л., 1950. Бұл аударманы ол “Философское наследие” сериясында басылған ежелгі қытай философиясының екі томдығы үшін жетілдірді. Бұл кітапшада “Дао дэ цзин” мына мәтін бойынша басылған: “Дао дэ цзин” // Древнекитайская философия: Мәтіндер жинағы: 2 том. М., 1972. 1-т. 114–138-б.

Шығарманы аударған – философия ғылымдарының докторы Ян Хин-шун (1904–1989) – қытай философиясының белгілі та-